

«Қазарнаулыэкспорт
(Казспецэкспорт)» ШЖҚ РМК
Бас директорының
2020 жылғы 11 наурыздағы
№ 15 бұйрығына қосымша

**ҚР ИИДМ Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитетінің
«Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» ШЖҚ РМК-нің
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ҚР ИИДМ Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитетінің «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» ШЖҚ РМК-нің (бұдан әрі - Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді және Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды қамтамасыз ететін тыйым салу, шектеу, міндеттері мен рұқсат беру жүйесін білдіреді.

2. Мақсаты

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету, оларды азайту және алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру және Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік болып табылады.

3. Міндеттері

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың міндеттері:

1) Кәсіпорынның барлық қызметкерлерінің өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты және жауапкершілікті қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарын алдын алу;

3) Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру.

4. Қолдану және орындау

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қолдану және орындау:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Кәсіпорын қызметінің барлық салаларында қолданылады.

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Кәсіпорын қызметкерлері өз функцияларын жүзеге асыру және жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде қолданады;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды Кәсіпорынның барлық қызметкерлерінің орындауы міндетті.

4) Кәсіпорын қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қолдану және орындау үшін дербес жауапкершілікті алады.

5. Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтауын бақылауды барлық деңгейдегі Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өз құзыреттеріне сәйкес жүзеге асырады.

6. Кадр саясаты бөлімі тоқсан сайынғы негізде есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде Кәсіпорынның Бас директорына Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтауы туралы жиынтық ақпаратты ұсынады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды өзгерту «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізіледі.

5. Функционалдық міндеттерді орындау кезінде қызметкерлерге арналған ұсынымдар

8. Құзыреттер шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде барлық деңгейдегі Кәсіпорын басшылары қарамағындағылармен қарым-қатынаста:

1) туыстық, жерлестік және жеке басына берілген белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге;

2) қарамағындағы қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінің мәселелері мен көлемін дәл айқындауға;

3) қарамағындағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесін біркелкі бөлінбеуіне жол бермеуге;

4) қарамағындағылардың қызмет нәтижелерін бағалау, сондай-ақ қорлау және жазалау шараларын қолдану кезінде парасаттылық пен объективтілікті танытуға;

5) қарамағындағы қызметкерлерге орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеуге;

6) қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеуге;

7) қарамағындағы және басқа да қызметкерлердің тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және оларды кесіп өтпеуге;

8) өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында қарамағындағы қызметкерде туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақтылы қабылдауға;

9) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түбегейлі шаралар қабылдауға;

10) қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға;

11) қарамағындағылармен азарт ойындарына қатысудан бас тартуға;

12) қарамағындағыларды қызметтік емес және жеке тапсырмаларын орындау үшін тартуға жол бермеуге;

13) өзінің мінсіз мінез-құлқымен қарамағындағы қызметкерлерге үлгі көрсетуге;

14) мүдделер қақтығысына жол бермеу, олар туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды жою бойынша шаралар қабылдауға;

15) қызметкердің жұмысты жақсарту және Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністерін төмендету және алдын алу жөніндегі ұсыныстарын жан-жақты және объективті қарауға шаралар қабылдауға, ұсыныстарды қарау нәтижелері туралы өтініш берушіге белгіленген тәртіппен хабардар етуге міндетті.

9. Кәсіпорынның әрбір қызметкері өзінің еңбек қызметінде:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы жалпы мемлекеттік саясатты жақтауға және оны дәйекті түрде іске асыруға;

2) заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтауға;

3) жеке және заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге;

4) кәсіпорынның мақсаттарын ескере отырып, еңбек қызметін жүзеге асыру, өз іс-әрекеттерімен кәсіпорынның беделін нығайту, кәсіпорынның беделін түсіретін іс-әрекеттерді жасауға жол бермеуге;

5) лауазымдық міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке басының мүддесінің туындағаны туралы, Сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы өз басшысына баяндауға;

6) лауазымдық міндеттерді орындау кезінде жеке және (немесе) пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмауға;

7) әріптестерге және басшыларға өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олар қабылдаған бейтарап қызметтік шешімнің ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштерден аулақ болуға;

8) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдемеуге және мұндай әрекеттерді көтермелемеуге;

9) әріптестерге, басшыларға және Кәсіпорынның өзге де лауазымды тұлғаларына сыйлықтар бермеуге;

10) лауазымдық міндеттерін атқаруға байланысты сыйлықтар қабылдамауға;

11) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе табу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға.

12) егер лауазым адамдардың/жақын туыстық және Отбасылық қатынастардағы адамдардың тікелей бағыныстылығына немесе бақылауына байланысты болса, оны тағайындаудан бас тартуға;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыста, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуға;

14) сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілері, соның ішінде материалдарды тездетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға бейімділігі не болмаса әуре-сарсаңға салу туралы басшылыққа дереу баяндауға;

15) жазбаша нысанда орындау үшін алынған өкімнің (нұсқаудың) заңдылығына күмән туғаны туралы тура немесе тікелей басшыға дереу хабарлауға;

16) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшыға жүгінуге;

17) әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап етуге және қолдауға;

18) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлықты құқық бұзушылықтардың және олардың салдарының ықтимал туындауының себептері мен жағдайларын жою жөніндегі тұрақты негізде шаралар қабылдауға;

19) кіріс алумен байланысты кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмек көрсетуден бас тартуға;

20) үшінші тұлғалардың мүдделерін ұсыну немесе лоббилендіруден, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан тартынуға;

21) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға;

22) өзіне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өкілеттігін жүзеге асыруға;

23) материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, сондай-ақ қызметтік ақпараттың өзге де мүлкін қызметтік емес мақсаттарда пайдаланбауға;

24) мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігіне кедергі жасайтын немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

25) жасағаны үшін заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеуге;

26) іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға міндетті.

10. Өзінің еңбек қызметінде Кәсіпорынның әрбір қызметкерінің:

1) белгіленген тәртіпте Кәсіпорын жұмысын жақсарту және қызметінің тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністерін төмендету және алдын алу бойынша ұсыныстармен жүгінуге;

2) еңбек заңнамасына және келісімшарт талаптарына сәйкес еңбекке;

3) заңда белгіленген еңбекке ақы төлеуді, материалдық сыйақы алуға;

4) лауазымдық міндеттерді орындауға негізделген қажетті құпия ақпаратқа қол жеткізуге;

5) лауазымдық мансаптық өсуге;

6) өз құқықтарына қол сұғудан қорғалуға;

7) әлеуметтік және медициналық қамтамасыз етуге құқығы бар.

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011

2011